

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 9472 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі Чернигов ауылының аумағында орналасқан алаңы 0,0424 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Чернигов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Чернигов ауылдық округінің әкімі*

*Т. Ашимов*